

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының  
Басқармасы отырысының 2025 жылғы 06 наурыз  
№ 11-хаттамасынан үзінді көшірме**

**КҮН ТӘРТІБІ**

Жаңа редакциядағы Критерийлік бағалау модельдері.

Мәселені қарап және талқылап, ДББҰ Басқармасы **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакциядағы Критерийлік бағалау моделі бекітілсін.
2. Мыналардың күші жойылды деп саналсын:
  - 1) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2020 жылғы 27 тамыздағы шешімімен (№ 39-хаттама) бекітілген Критерийлік бағалау моделі;
  - 2) 2021 жылғы 18 тамызда (№ 42-хаттама) бекітілген «Басқарманың 2020 жылғы 27 тамыздағы шешімімен (№ 39-хаттама) бекітілген Критерийлік бағалау моделіне өзгерістер мен толықтырулар;
  - 3) 2022 жылғы 17 тамызда (№ 40-хаттама) бекітілген «Басқарманың 2020 жылғы 27 тамыздағы шешімімен (№ 39-хаттама) бекітілген Критерийлік бағалау моделіне өзгерістер мен толықтырулар.
3. Білім беру сапасын бағалау және халықаралық аккредиттеу департаменті (Г.А. Курманбаева) осы шешімді «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдарының назарына жеткізсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Басқарма Төрағасының орынбасары С.У. Садуақасовқа жүктелсін.
5. Осы шешім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басқарма хатшысы**



**Н. Мухатаева**

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
ДББҰ Басқармасының  
2025 жылғы 06 наурыз  
(№ 11 хаттама) шешімінің  
қосымшасы

## Критериалды бағалау моделі Аннотация

Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың моделін (бұдан әрі – Модель) қолдану «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның NIS-Programme Білім беру бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) филиалдарында қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жүйелі жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Модельдің мазмұны екі негізгі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде критериалды бағалаудың теориялық негіздері, қағидалары және оқу бағдарламасымен байланысы берілген.

Екінші бөлімде Қазақстан Республикасындағы 30 пилоттық жалпы білім беретін мектептердегі апробация қорытындысы мен Зияткерлік мектептеріндегі критериалды бағалаудың Кіріктірілген моделін қолдану нәтижесі бойынша критериалды бағалаудың жетілдірілген тәсілдері берілген.

Модель Зияткерлік мектептерінде қолдануға арналған.

Критериалды бағалау білім беру процесінде маңызды рөл атқарады, себебі ол тек оқушылардың білімін өлшеуге ғана емес, сонымен қатар олардың оқу жетістіктерін қолдауға да бағытталады. Көптеген зерттеушілер оқу мен оқыту және бағалаудың арасындағы өзара байланысқа баса назар аударады.

Мұғалімнің қызметі – балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру. Істеу жүзінде байқаумен алған білім жұмсау жүзінде іске асып, бақылау мен жұмсау екеуі теңбе-тең бірдей жүріп отырады.

(А. Байтұрсынұлы, 1928)

Сабак беру, оқыту мен бағалау өзара байланысты болып, мектепішілік бағалау оқыту мен оқу әрекетінің ажырамас бөлігін құрауы керек.

(Б. Бойл, М. Чарльз, 2010)

Бағалау процесінің көптеген анықтамалары бар және одан мұғалімдердің мектепішілік бағалауды түсінуі мен оны тәжірибеде қолдануына қатысты ұқсас



интерпретациялар қатары бар екендігі байқалады.

(Б. Бойл, М. Чарльз, 2010)

Білім беру саласындағы кез келген жүйелі өзгерістерге мүмкіндік беру үшін бағалауды реформалау қажет. Ал жаһандық ауқымдағы өзгерістер қазіргі оқушыларды болашақта еңбек нарығында табысқа жету үшін қажетті дағдылармен қамтамасыз ету үшін қажет.

(МакГо, 2008)

Осылайша, бағалаудың жаңа тәсілдерін тиімді енгізу үшін білім беру процесіне қатысушылардың бірлескен күш-жігері қажет.

## I. Жалпы ережелер

Модель Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістігін бағалау тәжірибесіне өзгерістер енгізудің негізін анықтайды және бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр оқушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Модель оқушының дамуына, оның қызығушылығы мен оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Әр оқушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленген жағдайда бұған қол жеткізуге болады. Анық құрастырылған бағалау критерийлерінің көмегімен мұғалім де, оқушы да келесі сұрақтардың жауабын түсінеді:

- Оқушы оқытудың қай сатысында?
- Олар білім алуда неге талпынады?
- Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек?

**Критериалды бағалаудың мақсаты** бағалау критерийлерінің негізінде оқушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

### **Критериалды бағалаудың міндеттері:**

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту.
2. Жүйелі сындарлы кері байланыс беру арқылы оқушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау.
3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу.
4. Қолжетімді, нақты, тұрақты түрде:
  - оқушыларға өздерінің оқу сапасы туралы;
  - мұғалімдерге оқушылардың ілгерілеуі туралы;
  - ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы;
  - басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну;
5. Оқу нәтижелеріне деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы рефлексия, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту.

### **Критериалды бағалаудың қағидаттары (принциптері):**



**Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы.** Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.

**Шынайылық, сенімділік және валидтілік.** Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.

**Ашықтық және қолжетімділік.** Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.

**Үздіксіздік.** Бағалау оқушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

**Дамуға бағыттау.** Бағалау нәтижелері оқушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.


### **1. Критериалды бағалаудың теориялық негізі**

«Критериалды бағалау» терминін алғаш Роберт Глейзер (1963) қолданған, ол әдеттегі мінез-құлық моделінің жиынын анықтау үдерісін, білім алушылардың оқу жетістігі деңгейінің шамасы мен қолжетімділігінің арасындағы сәйкестікті сипаттады. Бұл оқушы әрекетін алдын ала анықталған критерийлерді тіркеп жинақтау арқылы бағалауды білдіреді. Глейзер критериалды стандарттағы бағалаудың басқа оқушылар жетістігіне тәуелділік пен салыстыруға қатысы жоқ екенін, сондай-ақ әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпараттануға бағытталғандығын атап көрсетті.

Оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу, бағалаудың өзара байланысына және оқу үдерісін ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз етуге негізделген. (Бойл және Чарльз, 2010). Бұл барлық бағалау элементтері арасындағы өзара байланыс орнатуды, теориялық негіздемені болжамдайды (оқу мақсаттары, бағалау түрлері, құралдары мен нәтижелері). 1-суретте критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық (концептуалдық) құрылымы көрсетілген.

#### **1-сурет. Критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық (концептуалдық) құрылымы**





Оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі:

- оқыту мен бағалаудың тұтастығына негізделеді;
- оқушылардың үлгерімін, ілгерілеуін қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілін қалыптастыруға бағытталады;
- оқу бағдарламасына сәйкес дағдыларды дамытуды, білім алу дәлелдерін жинақтауды, оқу мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- оқу бағдарламасының мазмұны негізіндегі әр сынып үшін пән бойынша бағалаудың формалары мен тәсілдерінің әртүрлілігін қамтиды.

Төменде критериалды бағалау жүйесінде қолданылатын теориялық негіздердің сипаттамалары ұсынылды.

### 1.1 Құзыреттілікке негізделген тәсілдеме

Құзыреттілікке негізделген тәсілдемеде оқу нәтижелерін бағалау білім алудың белгілі сатысын аяқтаған оқушылардың қол жеткізген білімдерінің деңгейлерін талдауға негізделеді.

Күтілетін нәтижелер оқу бағдарламасын толық меңгерудің қорытындысы бойынша туындайтын оқушылардың тәжірибесінен және қабілетінен, дағдысынан, білімі мен білігінен көрінеді.

ЭЫДҰ баяндамасында құзыреттіліктің үш санатын атап көрсетеді (ЭЫДҰ, 2003):

– құралдарды интерактивті қолдану: сөйлеу, символдар мен мәтіндер; білім мен ақпарат; технологиялар.

– әркелкі топтарда әрекет ету: басқалармен жақсы қарым-қатынаста болу қабілеті, командалмен жұмыс жасау және ынтымақтастық, шиеленісті шеше білу және басқару.

– өз бетінше әрекет ету: көріністі жан-жақты көре білу және әрекет ету қабілеті, жеке жобалар, өмірлік жоспарларды қалыптастыру, жүзеге асыру, қажеттіліктер мен нормаларды, қызығушылықтарды, құқықты сақтап қалу, қорғау.



Жоғарыда аталған құзыреттер негізінде ЭЫДҰ оқушыларға түрлі әлеуметтік және экологиялық контексте бағдар беріп, жеке мақсаттар қойып, болашаққа жоспар құруға көмектесетін үш «трансформациялық құзыреттілікті» қамтитын «ЭЫДҰ оқу тұсбағдары-2030» тұжырымдамалық шеңберін әзірледі (ЭЫДҰ, 2019):

– жаңа құндылықты құру: адамның саналы және жауапты шаралар қабылдауда көрінетін инновациялар мен кәсіпкерлік қызметке қабілеттілігі;

– қарама-қайшылықтар мен дилеммаларды шешу: көптеген қарама-қайшы немесе сәйкес келмейтін идеялар мен позициялар арасындағы байланысты теңестіру және табу мүмкіндігі;

– жауапкершілікті қабылдау: жеке және қоғамдық ұстанымдарды ескере отырып, өз іс-әрекеттеріңізді ойлау және бағалау қабілеттілігі.

Білім берудегі құзыреттілікке негізделген тәсілдеме адамның іс-әрекетке дайындығын, өмірге қажетті құзыреттіліктерді алу жолымен әлеуметтік ортада қызмет етуін анықтайды. Білім берудің нәтижесін ұсынатын деңгейдің бірі – *функционалдық сауаттылық*. Функционалдық сауаттылықты дамытуға жалпы бағдар Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында анықталған, ондағы мақсаттың бірі – PISA зерттеуінің (оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі ЭЫДҰ ұйымдастыратын халықаралық бағдарлама) нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау көрсеткіштерін арттыру.

«Құзыреттілік көлеңкесі» тұжырымдамасы аясындағы құзыреттілік ұғымы білімнің жиынтығын ғана емес, оларды нақты өмірде қолданудың практикалық қабілетін білдіреді. Құзыреттілікті әлеуетті мүмкіндік ретінде түсінуден өз міндеттерін орындау қабілетіне деген сенімділігін қалыптастыруға көшуге ерекше назар аударылады. Мұндай тәсілдеме мән-мағыналы оқытудың неғұрлым терең деңгейіне жетуге мүмкіндік береді және оқушылардың дербестігін арттырады.

2-суретте мінездің дифференциация арқылы өтетін «жасауға қабілетті»-ден «жасай алатынына сенімді»-ге дейінгі әрекеттермен көрсетілген құзыреттілік деңгейін анықтау үдерісі берілген (П. Рейс, 1993).

2-сурет. «Құзыреттілік көлеңкесі»





Критерийлер негізіндегі бағалау үдерісінде оқушылар өз құзыреттілік әлеуетін біртіндеп ұлғайтады, «Жасай алатынына сенімді» деңгейінде күтілетін нәтижеге жетеді деп болжанады (2-сурет).

Осылайша, құзыреттілікке негізделген тәсілдемеге сәйкес оқу бағдарламасын меңгеру, бағалау критерийлерін бақылау өлшеуге қатысты берілген оқу мақсаттарына жеткенін айғақтайтын нақты нәтижелер арқылы бағаланады.

### 1.2 Кері дизайн

Мұғалім әрекетінің «оқу мақсаттары – сабақ – бағалау» реттілігі классикалық түрге айналды. Алайда білім беру үдерісін жобалаудың жаңа моделі аталған ұстанымның бағаланатын, қол жеткізетін білім, білік, дағдылар арасындағы сәйкессіздігі тұрғысынан алғанда қайта қарауды қажет ететіндігін көрсетеді (нені оқытуы және нені бағалау қажеттігі арасындағы қарама-қайшылық).

Кері дизайн – бұл білім беру үдерісіндегі арнайы педагогикалық жобалау технологиясы, негізгі критерийі мазмұн емес (контент), оқытудың жоспарланған нәтижелері болып табылады (Велединская, Дорофеева, 2014). Тәжірибе көрсеткендей, мұғалімнің оқу мақсатын анықтап, бағалау үдерісін жобалауы, қарастыруы, содан соң ғана жоспарлауы арқылы оқушыларға сабақ өткізу әрекеті әлдеқайда тиімдірек екені байқалды.

Кері байланыс технологиясы аясында білім беру үдерісін жоспарлауда үш кезенді жүзеге асыру қарастырылады (Уигнис және Тай, 2011):

1-кезең. Мақсаттар мен қалаулы нәтижелерді анықтау, яғни «Оқушылар нені білуі, түсінуі және істеуі тиіс?» деген сұраққа жауап;

2-кезең. Қолайлы дәлелдерді анықтау, яғни «Оқушылардың қалаулы нәтижелерге жетуі мен олардың стандарттарға сай болуына не дәлел болады?» деген сұраққа жауап;

3-кезең. Оқуды және оқушылардың нәтижелерге жету үдерісін жоспарлау.

Мұғалімге толық оқу-әдістемелік кешенді алдын ала ұсыну (оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар үлгілерінің жинағы, мұғалімдерге арналған жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар және т.б.) кері байланыс үдерісінде білім беруді жоспарлауға мүмкіндік береді: оқу бағдарламасы – бағалау үдерісі – оқыту мен оқу үдерісі. Бұл оқу үдерісінде оқу мақсатына жетуге, ал бағалауда оқу қорытындысы бойынша күтілетін нәтижеге сәйкес деңгейді белгілеуге бағыттайды.

### 1.3 Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы

Критериалды бағалау жүйесі оқытуда әлеуметтік-конструктивистік көзқарасқа сүйенеді. Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы білім беруде ұжымдық, топтық, жеке-тұлғалық оқыту үдерісінде әлеуметтік конструкцияға



ерекше көңіл бөледі. Дэвис және Херш (1981) оқытуда конструктивті көзқарасы бар мұғалім оқыту мен бағалаудың білім мен дағдыны дамытуға бағытталғанын түсінеді деп есептейді. Білім танымның келісілген аймағы ретінде қарастырылады; оқушы білімді пассивті түрде алуды тоқтатып, сол білімнің «жасаушысы/құрастырушысы» бола бастайды.

Пиажениң (1967) әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясына сәйкес оқушылар қандай дағдыларға қол жеткізді, қолынан не келеді, нені таныды тұрғысынан өз түсінігін қалыптастырған адам ретінде қарастырылады. Оқыту оқушылардың жаңа ақпаратты түсінуін, тәжірибе жинақтауын өзгерту (трансформациялау) үшін қолданылуы қажет деп түсіндіріледі (Выготский, 1966). Бұл оқушылардың өз дағдыларын дамытуына, келешекте рефлексия арқылы абстракциялар көмегімен негізгі қағидаттарды қолдануына мүмкіндік береді (Дарлинг және Вэнворс, 2010).

Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясына сәйкес оқушылардың ойлауын дамыта оқыту түрлі дереккөздерден (мұғалімнен, қатарластарынан, оқу ресурстарынан) «алынған» білімнің «бар болуын» өзара әрекеттестіріп, социуммен үйлесімді қарым-қатынас орнату арқылы қамтамасыз етеді, «мүлдем жаңа» білім ортасын құрады. Бағалау әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясының идеяларына негізделген, ол түрлі елдерде кеңінен қолданылып жүрген қалыптастырушы бағалауды тәжірибеде жандандыруға мүмкіндік береді.

#### **1.4 Жақын даму аймағы**

Жақын даму аймағы түсінігі Л.С.Выготскийдің енгізуімен белгілі, ол «жақын даму аймағы, баланың даму деңгейі, яғни қандай тапсырманы ол өз бетінше орындай алатынын және үлкендермен, өз құрдастарымен жұмыс жасай отырып жете алатын әлеуетті даму деңгейі арасындағы айырмашылығын білетінін анықтайды» дегенді білдіреді (Выготский, 1978, 86-бет).

Осылайша, қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім немесе қабілетті құрдастарының бірі оқушыға қолдау көрсетсе, оның дамуы жақын даму аймағында өтеді.

#### **1.5 Скаффолдинг теориясы**

Скаффолдинг теориясы Л.С.Выготскийдің жақын арадағы даму аймағы түсінігімен тығыз байланысты, оқыту когнитивтік емес, ең әуелі, әлеуметтік, тұлғааралық деңгейлерде болады деп болжайды. Аталған дәйектерге қарамастан, Л.С.Выготскийдің өзі «скаффолдинг» терминін ешқашан қолданбаған (Стоун, 1998), ол тек адамның когнитивтік дамуындағы әлеуметтік өзара әрекеттің маңызды рөлін атап көрсеткен.

Скаффолдинг (көпіршелер тұрғызу) – оқушыға жақын арадағы даму аймағымен жүруіне және өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға көмектесу үшін мұғалім көрсететін интерактивті қолдау (Глоссарий, 2012, 91-бет).

Скаффолдингтің жаңашыл теориясы – бұл білім беру үдерісіне



қатысушылардың арасындағылардың өзара сеніміне негізделген серіктестік. Оқу үдерісінің барысында қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті көмек көрсету мақсатымен оқушыларды қолдау (Дж.С.Брунер, 1976) қалыптастырушы бағалау тәжірибесінде мұғалім орындайтын маңызды функциялардың бірі болып табылады.

«Скаффолдингтің» негізгі сипаттамалары:

1. Жалпы мақсаттардың болуы. «Скаффолдинг» үшін аса маңызды жағдай «интерсубъективтіліктің» бар болуы болып табылады (Рогофф, 1990), ол екі субъектінің екі түсінікке ортақ түсініктерінің болу жағдайы. Интерсубъективтілік мұғалім мен оқушының оқудағы нәтижеге ортақ жауапкершіліктерінің болуы ретінде қарастырылады.

2. Ағымдық диагностика және бейімделуге қолдау көрсету. Скаффолдингтің маңызды ерекшеліктерінің бірі оқушыларға қажетті қолдауды «бірте-бірте» көрсету үшін мұғалім олардың ілгерілеуін үздіксіз бағалап отыратын дерек болып табылады. Сондықтан мұндай өзара әрекет «оқушылардың қажетті дағдыларды меңгеруіне, жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындай алуына көмектесуі керек» (Вуд және басқалар, 1976, 97-бет).

3. Диалог және өзара әрекет. Мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттері скаффолдингте диагностикалық болып табылады. Бұл оқушыларды селқос білім мен тәжірибе алушы емес, сұрақтар/тапсырмаларды шешуде белсенді қатысушы, серіктес ретінде көруге мүмкіндік береді. Ал өзара әрекет диалогтің арқасында мүмкін болады (Браун және Палинксар, 1985; Палинксар және Браун, 1984), яғни мұғалім мен оқушы немесе оқушы мен оқушы арасындағы әңгімелесулер.

4. Қолдауды азайту, жауапкершілікті беру. Скаффолдинг жағдайларының бірі оқушыларға мұғалім тарапынан көрсетілетін қолдау көлемін біртіндеп азайту. (Вуд және басқалары, 1976). Бұл біртіндеп оқушылардың өз оқуына өзі жауапкершілікпен қарай алуына толық жеткізу болып табылады.

### **1.6 Қалыптастырушы бағалау теориясы**

Дәстүрлі жағдайда мұғалім оқушыларды оқыту мен бағалауға қатысты жауапты тұлға ретінде танымал. Алайда оқудағы оқушының өзінің және оның қатарласының рөліне де назар аудару қажет. Мұғалім көп жағдайда тиімді оқу ортасын құруға, енгізуге жауапты, ол кезде оқушылар сол ортада оқуға, нәтижеге жетуге жауапты болады. Оқытуға жауапкершілік мұғалімге де, оқушыға жүктелетіндіктен (серіктестік құқық тілінде – «ынтымақтастық жауапкершілік»), екеуі де нәтижеге жетуде кез келген келеңсіздіктердің алдын алуға күш жұмсауы қажет.

Қалыптастырушы бағалау теориясы аясында Блэк пен Уильям бес негізгі стратегияны анықтайды:

- Бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижелерді түсіндіру;
- Сыныптағы тиімді өзара әрекеттесуді қалыптастыру;
- Оқушыларға конструктивті кері байланыс беру;



- Оқушыларды өзара оқыту үдерісіне қатыстыру;
- Оқушыларды өз білімдерін өздері «жасаушылар/құрушылар» ретінде қалыптастыру.

Сыныптағы қалыптастырушы бағалаудың негізгі стратегияларын іске асыру білім алушыларға оқу мақсаттарына қол жеткізуге және өз нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Аталған стратегиялар оқу үдерісінде мұғалім, оқушы және сыныптасының ұстанымы арқылы жүзеге асады және үш негізгі сұраққа жауап береді: «Оқушылар оқудың қай сатысында тұр?», «Өз оқуында олар қайда ұмтылады?» және «Соған жету үшін оларға қандай көмек көрсету қажет?», бұл сұрақтар оқудағы үш қатысушымен тікелей байланысады (мұғалім, сыныптас және оқушы), бұл 1-кестеде көрсетілген (Уильям және Томсон, 2007).

*1-кесте. Қалыптастырушы бағалау аспектілері*

| Субъект  | Оқушы оқуда неге талпынады?                                         | Оқушы оқытудың қай сатысында?                                               | Оқушы қойылған мақсатқа қалай жетеді?                                     |
|----------|---------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| Мұғалім  | Бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді түсіндіру.             | Сыныптағы тиімді өзара әрекеттесуді қалыптастыру.                           | Оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыратын конструктивті кері байланыс беру. |
| Сыныптас | Күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлерін түсіну және талқылау. | Оқушыларды өзара оқыту үдерісіне қатыстыру.                                 |                                                                           |
| Оқушылар | Күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлерін түсіну.               | Оқушылардың өз білімдерін өздері «жасаушылар/құрушылар» ретінде қалыптасуы. |                                                                           |

### 1.7 Білімді толық меңгеру теориясы

Б.Блумның білімді толық меңгеру теориясы (Learning for mastery, 1970) жақсы оқитын оқушы мен нашар оқитын оқушы нәтижелерінде 90% айырмашылық болатынын түсіндіретін негізгі үш факторды анықтайды.

Бірінші фактор оқушылардың жаңа тапсырмаларды шешуді меңгеріп, оқу үдерісіне бейімдей алатын түрлі білімі мен қабілеттерін диагностикалауды болжайды. Бұл нәтижелердің қорытынды айырмашылығын 50%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.



Екінші фактор болашақта оқуды ынталандыруға ерекше әсер ететін, алғашқы келеңсіздіктердің алдын алуға бағытталған эмоционалдық қолдау көрсетуді болжайды. Нәтижесінде жетістік қорытындысының айырмашылығын 25%-ға дейін қысқарту мүмкін болады.

Үшінші фактор оқу ортасы мен уақытты есепке ала отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде жеке қолдау мен марапаттауды ұсынады. Осылайша, қорытынды нәтиженің 25% ерекшелігі қысқаруы мүмкін.

Білімді толық меңгеру теориясы жиынтық бағалау кезінде балдарды есептеу әдістемесі мен баға қою механизмін анықтаудың негізі болып табылады. Тоқсандық жиынтық бағалау мен бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудағы балдардың түрлі әсер етуі тоқсанның соңына дейінгі қорытынды бағаны жақсартуға мүмкіндік береді.

Тоқсан барысында оқушылар алғашқы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық жұмыста төмен балл алса, онда қорытынды нәтижені жақсарту мүмкіндігі сақталады.

### 1.8 Оқу мақсаттарының таксономиясы

Оқу мақсаттары оқушылардың ілгерілеуін көрсету үшін тиімді пайдаланылуы мүмкін. Критериалды бағалау жүйесінде оқу мақсаттары ерекше маңызды, олар критерийлерді анық, жеңіл, түсінікті формада құрастыруға мүмкіндік береді.

Әр оқу бағдарламасында оқу мақсаттары оқушылардың пәнді меңгеруін дамытуы қажет білімі мен дағдыларын анықтайды. Оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелерді анықтау, осы дамытуды ақпараттандыру үшін оқу бағдарламасындағы негізгі бағыт болып табылатын Б.Блумның (1956) таксономиясы қолданылады.

Оқу мақсаттарының таксономиясы (Блум, Кратвиль, 1956) ойлау дағдыларының алты деңгейін болжайды:

**Білу** – өтілген материалды дәйек, жағдай, негізгі тұжырымдар мен жауаптарды көрсету арқылы есте сақтауды дәлелдеу.

**Түсіну** – материалды бір түрден екінші түрге ауыстыру, материалды интерпретациялау, оқиғаның барысын болжау.

**Қолдану** – ережелерді, жаңа білімді түрлі нұсқада қолдану.

**Талдау (анализ)** – толық объектіні ұсақ бөліктерге ажырату, оның мәнін түсіну және меңгеру үдерісі.

**Жинақтау (синтез)** – бұрынғы жеке түсінікті толық біріктіру үдерісі. Ақпаратты жаңа үлгідегі элементтердің түрлі әдістерімен біріктіру немесе альтернативті шешім ұсыну арқылы жүйелеу.

**Бағалау** – анықталған стандарттар мен критерийлердің негізінде объектінің жетістіктері, кемшіліктері, құндылықтары, маңыздылығы мен басқа да сипаттарын анықтайтын үдеріс.

2001 жылы Блум таксономиясы (Anderson & Krathwohl, 2001) ХХІ ғасырдағы білім беру талаптарын және оқытудың заманауи тәсілдемелерін айқындау үшін жаңартылды.

Жаңартылған таксономиядағы негізгі өзгерістер:



Зат есімдер оқушы орындауы тиіс әрекеттерді білдіретін етістіктерге ауыстырылған (мысалы, «Білім» орнына «Есте сақтайды», «Түсіну» орнына «Түсінеді» қолданылады).

Жоғары деңгейлердің реті өзгертілді: «Құру» (Create) енді пирамиданың басына, «Синтездің» орнына қойылды, себебі жаңа нәрсе құру анағұрлым жоғары когнитивтік белсенділікті талап етеді.

Когнитивтік дағдылардың деңгейі енді мынадай:

- Есте сақтайды: оқыған материалды айтып жеткізу.
- Түсінеді: интерпретациялау, түсіндіру, жіктеу.
- Қолданады: білімді жаңа жағдайда қолдану.
- Талдайды: байланысты анықтау, ақпаратты бөлікке бөлу.
- Бағалайды: критерийлер мен стандарттар негізінде ой-пікір қалыптастыру.
- Құрады: жаңа өнімді, идеяны немесе әдісті әзірлеу.

Таксономиялық тәсіл ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес бағалау критерийлерін құрылымдауға мүмкіндік береді, бұл бағалау процесін неғұрлым ашық және тиімді етеді.

Критериалды бағалау жүйесінде критерийлер дәстүрлі түрде үш негізгі деңгей бойынша топтастырылады:

Біледі және түсінеді: материалды меңгеруге қажетті негізгі когнитивті процестер.

Қолданады: білімді өмірде қолдану.

Жоғары деңгейдегі дағдылар (талдайды, бағалайды және құрады), сыни және креативті ойлауды талап ететін дағдылар.

Жаңартылған таксономияны қолдану оқыту нәтижелерін бағалап қана қоймай, сонымен қатар заманауи білім беру талаптарына сәйкес келетін білім беру мақсаттарын неғұрлым терең пысықтауға мүмкіндік береді.

### 1.9 Сөйлеу әрекетінің теориясы

Тілдік пәндерді оқыту сөйлеу әрекеттерінің (И.А.Зимняя, 1973) толық сипаттарын меңгеріп, өз бетінше қалыптастыру тұрғысынан жүзеге асырылуы қажет. Сөйлеу әрекеттерінің түрлері мынадай дағдыларды қамтиды: ақпаратты еске түсіру дағдысы ретіндегі айтылым мен жазылым, сондай-ақ, ақпаратты қабылдауға бағытталған дағды ретіндегі тыңдалым мен оқылым.

Бағалау критерийлері аясында тілдік пәндер үшін ұсынылған сөйлеу әрекеттері дағдылары бойынша оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелерге сәйкес оқушылардың не істей алатыны, коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері қандай мақсатта тексерілуі қажет екендігі анықталады.

## 2. Бағалаудың оқу бағдарламасы және оқу жоспарымен байланысы

Критериалды бағалау жүйесі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы - NIS-Programme мазмұнына, пән бойынша оқу жоспарларына негізделген.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы - NIS-Programme оқудың әр кезеңіндегі пән бойынша негізгі ақпараттарды ұсынады.



(бастауыш, негізгі, жоғары сынып).


Әр оқу бағдарламасының оқушының алдыңғы жылмен салыстырғандағы керекті білімі, түсінуі және пәндер бойынша дағдылары туралы оқу мақсатына жету және дамуын қамтамасыз ететін ақпараттардан тұрады.

Әр оқу жоспары бір оқу жылын қамтуға, сыныптар және пәндер бойынша бағдарлама мазмұнын анықтауға, барлық оқу мақсатының және байланысты тақырыптарды блок бойынша біріктіруге және де талаптарды қанағаттандыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді көрсетеді.

Оқу жоспарының орта мерзімді жоспарлау бөлімі оқу мақсатына жету үшін ұсынылған жұмыс түрлерінен тұрады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының әртүрлі салаларының байланысы 3-суретте көрсетілген.

### 3-сурет. Бағалау жүйесінің оқу бағдарламасымен байланысы



Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны төмендегідей нормативтік және нұсқаулық-әдістемелік құжаттармен анықталады және реттеледі:

- Білім беру бағдарламасы;
- Оқу бағдарламасы;
- Оқу жоспары;
- Модель;
- Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты;
- Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережелері.



### 3. Мұғалімдердің кәсіби қауымдастығы

Зияткерлік мектептерінің Мұғалімдердің кәсіби қауымдастығы (бұдан әрі - МКҚ) Зияткерлік мектептерінде критериалды бағалау жүйесін тиімді енгізу мен қолдануды қамтамасыз етуде басты рөл атқарады.

МКҚ мектептер арасында тығыз байланыс орнатуға, педагогикалық тәжірибені, тиімді оқытуды және сапалы бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоғары сапалы формативті және жиынтық бағалауды құру МКҚ жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері МКҚ-нің тікелей қатысушылары болып табылады, олардың арасында тығыз ынтымақтастық болады деп болжанады. Мұғалімдер және Педагогикалық өлшеулер орталығының мамандары бағалау рәсімдерін ұйымдастыру мен бағалау құралдарын әзірлеуге белсенді қатысады және бағалау тәжірибесін жақсарту үшін бір-бірімен өзара әрекеттескен іс-қимылдар жасайды.

## II.

### III. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау

#### 1. Терминдер мен анықтамалар

Бұл құжатта төмендегідей терминдер қолданылады:

- 1) **дескриптор** – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама;
- 2) **критериалды бағалау** – белгіленген критерийлер негізінде оқушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі;
- 3) **бағалау критерийі** – оқушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі;
- 4) **модерация** – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау және сыртқы жиынтық бағалау аясында курстық жұмыстар бойынша оқушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс;
- 5) **оқытудың күтілетін нәтижелері** – оқушының оқу үдерісі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын айқындайтын құзыреттіліктер жиынтығы;
- 6) **оқушы портфолиосы** – пән бойынша оқу жылына оқушының оқу жетістігінің жеке және жинақталған бағаларын тіркейтін тәсіл;
- 7) **түрлі деңгейдегі тапсырмалар** – оқушының қабілетін есепке ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар;
- 8) **рефлексия** – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі;
- 9) **рубрика** – бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі;
- 10) **оқу бағдарламасының ортақ тақырыбы** – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін



біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент;

11) **тоқсандық жиынтық бағалаудың тест спецификациясы** – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар;

12) **жиынтық жұмыс** – оқудың белгілі бір кезеңінде (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) және оқу бағдарламасындағы бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқуды аяқтағаннан кейін пән бойынша оқу жетістігі деңгейін анықтауға арналған оқушылардың жұмысы;

13) **жиынтық бағалау** – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша және белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі;

14) **балл қою кестесі** – тоқсандық жиынтық бағалау және сыртқы жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер/аттестациялық комиссия мүшелері қолданатын кесте;

15) **ойлау дағдыларының деңгейлері** – әрбір деңгейі ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі;

16) **оқушының оқу жетістігі деңгейі** – бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі;

17) **қалыптастырушы бағалау** – оқуды дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, оқушымен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, оқу үдерісі барысында жүргізілетін бағалаудың түрі;

18) **оқу мақсаттары** – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым;

19) **МКҚ** – тиімді оқыту және оқу практикасын дамыту үшін ғылыми зерттеулер мен инновациялар арқылы тәжірибе алмасуды бастайтын мұғалімдер тобы.

20) **критериалды бағалау бойынша электрондық журнал** – оқушылардың үлгерімін есепке алуды және бақылауды автоматтандыруға, жиынтық бағалау нәтижелерін тіркеуге, тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды есептеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ мұғалімдерге, педагог-ұйымдастырушы кураторларға, мектеп әкімшілігіне және ата-аналар мен басқа да заңды өкілдерге сыныптар мен пәндер бойынша оқушылардың оқу нәтижелеріне жедел қол жеткізуін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдар кешені;

21) **бағалауды стандарттау** – оқушылардың оқу жетістіктерін өлшеу кезінде объективтілікті, салыстырмалылықты және әділдікті қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін бірыңғай түсінуді қалыптастыру және қолдану мақсатында талаптарды белгілеуге бағытталған процесс.


## 2. Критериалды бағалаудың құрылымы

Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық



бағалау (4-сурет). Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.

**4-сурет. Критериалды бағалаудың құрылымы**



Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін.

### **2.1 Қалыптастырушы бағалау**

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, оқу үдерісі барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз сындарлы кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл оқушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау мұғалім мен оқушылардың арасындағы сындарлы кері байланысты қамтамасыз ететін, оқу жетістігінің дамуына, өсуіне тікелей әсер ететін үдеріс болып табылады.

Тиімді оқыту мақсатында оқушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеуін, ағымдағы түсінік деңгейін қадағалау қажет. Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері:

- Оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін анықтау, оқушыларға ұсыну;
- Оқушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен (коллаборативті) оқытуға арналған орта құру;
- Оқушыларды дамытуға жағдай жасайтын конструктивті кері байланысты қамтамасыз ету;
- Оқушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру;



- Оқушыларға өзінің оқуын «құрушылар/жасаушылар» ретінде жағдай жасау болып табылады.

Оқу бағдарламасындағы бөлімнің/ортақ тақырыбының әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұны анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтайды, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады. Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі келесі кезеңдерді жүзеге асыруды талап етеді:

- Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- Қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- Сындарлы кері байланыс беру.

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Мұғалім оқу мәнмәтінің, өз оқушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады. Әр тапсырмаға дескрипторлар құрастырылады. Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Бұдан басқа дескрипторлар оқушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туындағанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқушылар мен олардың ата-аналарына конструктивті кері байланыс беруге жағдай жасайды.

Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру бойынша дағдыларды жетілдіру үшін мұғалім:

- Қалыптастырушы бағалауды қолдану үдерісін көрсететін сабақ жоспарын құруы;
- Тапсырмаларды қолдана отырып, қалыптастырушы бағалауды қолдану тәсілдерінің санын, сапасын арттыруы;
- Кері байланыс берудің тиімді формаларын қолдануы;
- Тәжірибені жетілдіру мен рефлексия үшін (оқушылар жұмысының сапасы, бағалау құралдарының сапасы, оқушылардың, ұжымның кері байланысы, ата-аналармен әңгімелесу және т.б.) сабаққа талдау жүргізу қажет.

## 2.2 Жиынтық бағалау

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) аяқталғанда мұғалімдерге, оқушылар мен ата-аналарға оқушының ілгерілеуі туралы ақпаратты ұсыну үшін өткізіледі.

Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, белгілеуге мүмкіндік береді. Аталған үдеріс кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады.

Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау), оқу



жылының соңында (академиялық демалыста болған оқушылар үшін оқу жылына жиынтық бағалау) және білім деңгейін аяқтағаннан кейін (негізгі, жоғары мектеп) сыртқы жиынтық бағалау түрінде жүргізіледі.

Бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсандық жиынтық бағалау бойынша балл/баға туралы шешімді мұғалім, сыртқы жиынтық бағалау бойынша шешімді аттестациялық және апелляциялық комиссия шығарады. Сонымен бірге мұғалімге/аттестациялық және апелляциялық комиссия мүшесіне әр оқушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі. Аталған ақпарат қалыптастырушы бағалаудағы сияқты жоспарлау, түзету, оқу үдерісіне талдау жасау үшін қолданылады.

### **2.2.1 Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау**

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Аталған жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша оқушыларға тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттарына, бағалау критерийлеріне және ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес құрастырылады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың өткізу формасын, тапсырмаларын мектеп өз бетінше анықтап, құрастырады. Оқу бағдарламасының бөлімі/ортақ тақырыптары бойынша жиынтық бағалауды сабақтың 15-20 минутынан аспайтындай етіп ұйымдастыру ұсынылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау критериалды бағалау ережесіне сәйкес өткізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау саясатында ұсынылған және келесі бағыттар бойынша:

- жаратылыстану-ғылыми пәндер – бөлім бойынша;
- әлеуметтік-гуманитарлық пәндер – бөлім/ортақ тақырыптар бойынша;
- тілдік пәндер – сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым бойынша анықталады.

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары өтілген бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Бөлім немесе ортақ тақырыптардағы бағалауға жататын оқу мақсаттарының саны пәндерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Мұғалім бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары мен бағалау құралдарын дербес құрастырады.

Мұғалімге бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады. Аталған талдау оқушыларға кері байланыс беруге, сыныптың оқу жетістігі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің жалпы сипаты 2-кестеде көрсетілген.



2-кесте. Оқушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің сипаты

| Деңгейлер            | Сипаты                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|----------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Төмен деңгей</b>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша қарапайым білімін және түсінігін көрсетеді;</li> <li>• жай тапсырмаларды орындайды және тікелей нұсқаулықтарға сай орындау рәсімдеріне ілеседі;</li> <li>• ақпаратты ұсынудың әр түрлі формаларының (кестелер, графиктер және диаграммалар) негізінде жай қорытынды қалыптастырады;</li> <li>• жай тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады.</li> </ul>                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Орта деңгей</b>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша жеткілікті білімін және түсінігін көрсетеді;</li> <li>• әдеттегі тапсырмаларды орындайды, таныс және кейбір таныс емес жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады;</li> <li>• ақпаратты жалпылайды және ішінара негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты аргументтерді келтіре алады;</li> <li>• әдеттегі тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің стандартты жолдарын ұсынады және қолданады;</li> <li>• тапсырмалардың бекітілген жиынын шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді.</li> </ul> |
| <b>Жоғары деңгей</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімін және түсінігін көрсетеді;</li> <li>• қиын тапсырмаларды орындайды және кең өрістегі жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады;</li> <li>• әр түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты жалпылайды және толық негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты логикалық бірізді аргументтерді келтіре алады;</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                |



|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• қиын тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің баламалы және стандартты емес жолдарын ұсынады және қолданады;</li> <li>• тапсырмалардың кең өрісін шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді, әр түрлі стратегияларды қолданады, алынған нәтижелердің маңыздылығын және негізділігін бағалайды.</li> </ul> |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда орындалған жұмыстардың нәтижелері оқушыларға түсінікті болып, одан әрі оқуға ынталандыруы қажет. Сындарлы кері байланыс оқушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттардан тұруы керек. Аталған ақпарат рубрика түрінде беріледі.

### 2.2.2 Тоқсандық жиынтық бағалау

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мазмұнындағы білім, дағды және түсінуге қатысты дәлелдеулерді ұсынады, тоқсандағы оқу барысының ілгерілеуін өлшейді. Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында өткізіледі, онда тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады.

Тоқсандық жиынтық бағалау әртүрлі формадағы бақылау және тексеру жұмыстарын жүргізуді қарастырады. Жиынтық бағалау жұмыстарында әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар қамтылуы қажет. Бұл тапсырмалар жоғары ойлау дағдыларының деңгейін тексеруді қамтитындай оқушылардың әртүрлі ойлау дағдыларының деңгейлеріне жеткенін көрсетуі тиіс.

Бағалаудың аталған рәсімдерін ұйымдастыру, жоспарлау кезінде жиынтық бағалауға арналған тоқсандық жиынтық бағалаудың тест спецификациясы қолданылады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың тест спецификациясы бағалау құрылымын, мазмұнын анықтайды және келесі ақпаратты қамтиды:

- бағалау мақсаты;
- бағалау сипаттамасы;
- тапсырмаларды орындау ұзақтығы;
- бекітілген балл сандары;
- бағалауды өткізу тәртібі;
- әр тоқсанның жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы;
- тапсырма үлгілері;
- тапсырмаларға балл қою кестесі.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуді тест спецификацияларға сәйкес бір параллельдің барлық сыныптары үшін бірыңғай талаптар негізінде Зияткерлік мектептердің әдістемелік бірлестіктері жүзеге асырады.

Тапсырмалар әртүрлі болуы мүмкін: ашық немесе жабық, зертханалық немесе практикалық жұмыстар, жобалар және т. б.

Бағалауды стандарттау мақсатында мұғалімдер оқушылардың тоқсандық



жиынтық бағалау жұмыстарының нәтижелерін талқылауы үшін модерация жүргізеді. Модерация үдерісі параллель сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің қатысуымен өткізіледі. Олар белгілі бір пән бойынша мұғалімдердің балл қою кестесі бойынша бірыңғай түсінікте болуын қамтамасыз ету үшін жұмысты бағалауды алдын ала талқылайды. Мұғалім бағалауда модерация қорытындысы бойынша тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері ұлғаю, сондай-ақ азаю жағына қарай өзгеруі мүмкін екенін ескеруі қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу үдерісін жоспарлау, рефлексия және оқытудағы өз тәжірибесін жетілдіру үшін қолданады.

### 2.2.3 Сыртқы жиынтық бағалау

Сыртқы жиынтық бағалау Сыртқы жиынтық бағалау моделінде ұсынылған талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

### 3. Оқушылардың нәтижелерін тіркеу

Жиынтық бағалау нәтижелері критериалды бағалаудың электрондық журналында тіркеледі. Барлық балдар, бағалардың есебі электрондық журналда автоматты түрде жүзеге асырылады.

Оқушылардың бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін қою электрондық журналда оқыту мен оқытуды жетілдіру, талдау үшін қолданылатын балдар, бағалар туралы ақпараттарды көрсетеді.

Жиынтық бағалаудың нәтижелері оқушыларға, ата-аналар мен басқа да заңды өкілдерге тоқсан барысында, тоқсанның соңында беріледі (3-кесте).

*3-кесте. Оқушылардың нәтижелері*

| <b>Оқушыларға<br/>қойылады</b>                            | <b>Сипаттамасы</b>                                                                                                                                                                                                                                          |
|-----------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Әр бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың балы | Жинақталған балдар саны мен оқу жетістігі деңгейлері (жоғары, орта, төмен)                                                                                                                                                                                  |
| Тоқсандық жиынтық бағалаудың балы                         | Тоқсандық жиынтық бағалауға сәйкес жинақталған балдар саны                                                                                                                                                                                                  |
| Тоқсандық баға                                            | Балды бағаға ауыстыру шәкіліне сәйкес белгілі пайыздық арақатынастағы барлық тоқсандық жиынтық бағалаудың балл саны. Оқушылар тоқсандық бағаны 50% бөлім/ортақ тақырыптардың қорытындысы бойынша, 50% тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы бойынша жинайды |



|                |                                                                                                                                                                                                                                       |
|----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жылдық баға    | Жақын бүтін санға дөңгелектенген тоқсандық бағалар сомасының орташа арифметикалық мәні.                                                                                                                                               |
| Емтихан бағасы | Балдарды бағаға айналдырудың белгіленген шәкіліне сәйкес пән бойынша сыртқы жиынтық бағалаудың барлық емтихан жұмысы үшін балдар сомасы                                                                                               |
| Қорытынды баға | Оқу кезеңіндегі тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәні және сыртқы жиынтық бағалауды (бес балдық шәкіл бойынша) тиісінше 70% - дан 30% - ға пайыздық арақатынаста бағаланады. Қорытынды баға бүтін санға дейін айналдырылады. |

Тоқсанның соңында жиынтық бағалаудың нәтижелері бес балдық жүйе бойынша бірыңғай балды бағаға ауыстыру шәкілі негізінде есептеледі, бұл бағалаудың ашықтығын, салыстырымдылығын, білім беру үдерісіне қатысушылардың бірдей түсінігін қамтамасыз етеді (4-кесте).

*4-кесте. Балды бағаға ауыстыру шәкілі*

| Бөлім / ортақ тақырып және тоқсандық жиынтық бағалау балдарының пайыздық арақатынасы | Бағалаудың көрсеткіші | Баға |
|--------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------|------|
| 0%–39%                                                                               | Қанағатсыз            | «2»  |
| 40%–64%                                                                              | Қанағаттанарлық       | «3»  |
| 65%–84%                                                                              | Жақсы                 | «4»  |
| 85%–100%                                                                             | Үздік                 | «5»  |

#### 4. Баға қою механизмі

##### 4.1 Оқу бағдарламасының бөлім/ортақ тақырыптары бойынша балл қою

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімінің қорытындысы негізінде оқушылар оқу жетістігі деңгейіне сәйкес максималды жинақталған балл саны түріндегі қорытынды нәтижеге қол жеткізеді. Өз кезегінде оқу жетістігінің деңгейі болашақ тоқсандық бағаны болжаудың көрсеткіші қызметін атқаруы да мүмкін (5-кесте).

*5-кесте. Оқу жетістігі деңгейлеріне сәйкес балдың пайыздық мазмұны*

| Оқу жетістігі деңгейлері | Балдың пайыздық мазмұны |
|--------------------------|-------------------------|
|--------------------------|-------------------------|



|        |          |
|--------|----------|
| Жоғары | 85%-100% |
| Орта   | 40%-84%  |
| Төмен  | 0-39%    |

Төменде «Математика» пәні бойынша 7-сынып оқушыларының 1-тоқсандағы бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелері мысал түрінде берілген.

**«Математика» пәні бойынша 7-сынып оқушыларының 1-тоқсандағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері**

| № | Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау   | Оқушылардың балы | Максималды балл | Оқу жетістігі деңгейі |
|---|--------------------------------------------------|------------------|-----------------|-----------------------|
| 1 | 1-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау | 8                | 12              | Орта (66,7%)          |
| 2 | 2-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау | 5                | 10              | Орта (50%)            |
| 3 | 3-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау | 11               | 12              | Жоғары (91,7%)        |

#### 4.2 Тоқсандық баға қою

Тоқсандық бағалар бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы арқылы жинақталады.

Тоқсандық бағаны қою үшін бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысының белгілі пайыздық арақатынасы пайдаланылады:

- тоқсандық бағаның 50% бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау қорытындысы арқылы қалыптасады;
- тоқсандық бағаның 50% тоқсандық жиынтық бағалаудың қорытындысы бойынша қалыптасады.

| Жиынтық бағалау                                | Үлес салмағы |
|------------------------------------------------|--------------|
| Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау | 50%          |
| Тоқсандық жиынтық бағалау                      | 50%          |
| <b>Тоқсандық баға:</b>                         | <b>100%</b>  |

Мысал түрінде тоқсандық бағалардың есебі берілген.

**Тоқсандық бағаны есептеу үлгісі**

| № | Жиынтық бағалау | Оқушылар | Максималды балл | Оқу жетістігі деңгейі | Болжам баға | Арақатынасы, | Балдың пайыздық |
|---|-----------------|----------|-----------------|-----------------------|-------------|--------------|-----------------|
|---|-----------------|----------|-----------------|-----------------------|-------------|--------------|-----------------|



|                |                                                  | балы |    |                |     | %   | мазмұны     |
|----------------|--------------------------------------------------|------|----|----------------|-----|-----|-------------|
| 1              | 1-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау | 8    | 12 | Орта (66,7%)   | 3-4 | 50% | 35,3%       |
| 2              | 2-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау | 5    | 10 | Орта (50%)     | 3-4 |     |             |
| 3              | 3-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау | 11   | 12 | Жоғары (91,7%) | 5   |     |             |
| 4              | Тоқсандық жиынтық бағалау                        | 15   | 20 | -              | -   | 50% | 37,5%       |
| <b>Барлығы</b> |                                                  |      |    |                |     |     | <b>72,8</b> |

Тоқсандық бағаның есебі төмендегі формула бойынша шығарылады:

$$\frac{\text{Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нақты балл жиынтығы}}{\text{Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың максималды балл жиынтығы}} * 50 + \frac{\text{Тоқсандық жиынтық бағалаудың нақты балы}}{\text{Тоқсандық жиынтық бағалаудың макс.балы}} * 50\%$$

Тоқсандық баға бөлімдер бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау балдарының пайыздық үлесінің жиынтығы негізінде қойылады.

72,8% баллдың пайыздық мөлшері ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенеді, бұл 73%-ды құрайды.

Тоқсандық баға 4-кестеде берілген балдарды бағаларға аудару шәкіліне сәйкес айқындалады. Аталған кесте бойынша 73% «4» деген бағаға сәйкес келеді.

**Сыртқы жиынтық бағалау өткізілетін пәндерден** тоқсандық баға 1, 2, 3-тоқсандарда бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің қосындысынан тұрады, 4-тоқсанда оқу бағдарламасының бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінен шығарылады.

|  |                     |
|--|---------------------|
|  | <b>Үлес салмағы</b> |
|--|---------------------|



| Жиынтық бағалау                  | Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау | Тоқсандық жиынтық бағалау |
|----------------------------------|------------------------------------------------|---------------------------|
| 1-3 тоқсандардағы тоқсандық баға | 50%                                            | 50%                       |
| 4-тоқсандағы тоқсандық баға      | 100%                                           | -                         |

Төменде «Математика» пәні бойынша 10-сынып оқушыларының 4-тоқсан бағаларының есебі мысал түрінде берілген.

**Сыртқы жиынтық бағалау өткізілетін 4-тоқсан бойынша тоқсандық бағаны есептеу үлгісі**

| №       | Жиынтық бағалау                                  | Оқушылар балы | Максималды балл | Оқу жетістігі деңгейі | Болжам баға | Арақатынасы, % | Балдың пайыздық мазмұны |
|---------|--------------------------------------------------|---------------|-----------------|-----------------------|-------------|----------------|-------------------------|
| 1       | 1-бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау | 8             | 12              | Орта (66,7%)          | 3-4         | 100%           | 70,6%                   |
| 2       | 2-бөлім/ортақ бөлімдер бойынша жиынтық бағалау   | 5             | 10              | Орта (50%)            | 3-4         |                |                         |
| 3       | 3-бөлім/ортақ бөлімдер бойынша жиынтық бағалау   | 11            | 12              | Жоғары (91,7%)        | 5           |                |                         |
| Барлығы |                                                  |               |                 |                       |             |                | 70,6                    |

Тоқсандық бағаның есебі төмендегі формула бойынша шығарылады:

$$\frac{\text{Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нақты балл жиынтығы}}{\text{Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың максималды балл жиынтығы}} \cdot 100\%$$



4-тоқсан үшін баға бөлімдер бойынша жиынтық бағалау балдарының пайыздық үлесінің жиынтығы негізінде қойылады.

70,6% баллдың пайыздық мөлшері ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенеді, бұл 71%-ды құрайды.

Тоқсандық баға 4-кестеде берілген балдарды бағаларға аудару шәкіліне сәйкес айқындалады. Аталған кесте бойынша 71% «4» деген бағаға сәйкес келеді.

### 4.3 Жылдық баға қою

Оқушының жылдық бағасы ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектелген тоқсандық бағалардың қосындысының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады.

Жылдық баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Жылдық баға} = \frac{1\text{-тоқсан бағасы} + 2\text{-тоқсан бағасы} + 3\text{-тоқсан бағасы} + 4\text{-тоқсан бағасы}}{4}$$

Төменде жылдық бағаны есептеу үлгісі келтірілген.

Оқушының тоқсандық бағалары: 5, 4, 3, 2.

$$\text{Есептеу: } \frac{5 + 4 + 3 + 2}{4} = 3,5 \text{ (жылдық баға)}$$

Жылдық баға ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенгенде 4-ке тең.

### 4.4 Сыртқы жиынтық бағалау есебімен қорытынды бағаның қойылуы

Пән бойынша қорытынды баға оқу жылындағы тоқсандық бағалардың арифметикалық орташа мәні мен сыртқы жиынтық бағалаудың бағасына (бес балдық шәкіл бойынша) 70% - дан 30% - ға пайыздық қатынас негізінде қойылады. Қорытынды баға ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

Сыртқы жиынтық бағалауды ескере отырып, қорытынды бағаны есептеу формуласы:

$$\text{Қорытынды баға} = \frac{1\text{ тоқсан.баға} + 2\text{тоқсан.баға} + 3\text{тоқсан.баға} + 4\text{тоқсан.баға}}{4} \times 0,7 + \text{Сыртқы жиынтық бағалаудың бағасы} \times 0,3$$

Осындай есеп бойынша тоқсандық бағалардың үлесі:

| Тоқсандық баға | Есеп (17,5%) | Үлесі |
|----------------|--------------|-------|
| 5              | 5 * 0,175    | 0,875 |
| 4              | 4 * 0,175    | 0,7   |
| 3              | 3 * 0,175    | 0,525 |
| 2              | 2 * 0,175    | 0,35  |



Осындай есеп бойынша сыртқы жиынтық бағалауға қойылатын бағалардың үлесі:

| Сыртқы жиынтық бағалаудың бағасы | Есеп (30%) | Үлесі |
|----------------------------------|------------|-------|
| 5                                | $5 * 0,3$  | 1,5   |
| 4                                | $4 * 0,3$  | 1,2   |
| 3                                | $3 * 0,3$  | 0,9   |
| 2                                | $2 * 0,3$  | 0,6   |

Төменде қорытынды бағаны есептеу үлгісі келтірілген.

Оқушының тоқсандық бағалары: 5, 4, 3, 2

Сыртқы жиынтық бағалау бойынша бағасы: 4

$$\text{Қорытынды баға: } \frac{5 + 4 + 3 + 2}{4} \times 0,7 + 4 \times 0,3 = 2,45 + 1,2 = 3,65$$

Қорытынды баға ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенгенде 4-ке тең.